

Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы мен Шымкент қаласы шекараларын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 17 тамыз N 913

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 10-бабына және "Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңының 10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Сайрам ауданы жерінің жалпы ауқымы 27485 гектар бір бөлігін Шымкент қаласының әкімшілік шекарасына қосу арқылы Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы мен Шымкент қаласы шекараларын өзгерту туралы Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты мен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ұсыныстарына келісім берілсін.

2. Осы қаулы оның жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі